

Күндізгі оку нысанындағы оқушылардың қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүруі туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2017 жылғы 23 ақпандағы № 135 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 13 наурызда № 4174 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2018 жылғы 22 ақпандағы № 246 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 22.02.2018 № 246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТИ**:

1. 2017 жылы қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру Сәтбаев қаласының төмендегі оқушылар санаттарына белгіленсін:

1) жалпы білім беру оку орындарының біріншіден сегізінші сыныпқа дейінгі оқушыларын қосып алғанда – тегін жол жүру (каникул кезеңдерін және әр аптаның демалыс күндерін қоспағанда);

2) жалпы білім беру оку орындарының тоғызыншыдан он бірінші сыныпқа дейінгі оқушыларын қосып алғанда – белгіленген тарифтің 50% төлеумен (каникул кезеңдерін және әр аптаның демалыс күндерін қоспағанда);

3) кәсіби мектептердің, колледждердің, жоғары оку орындарының күндізгі оқу нысаны бойынша оқушыларын – белгіленген тарифтің 50% төлеумен (каникул кезеңдерін және әр аптаның демалыс күндерін қоспағанда);

4) әлеуметтік көмек көрсетілетін мына азаматтар санатына жалпы білім беру оку орындарының біріншіден он бірінші сыныпқа дейінгі оқушыларын қосып алғанда, кәсіби мектептердің, колледждердің, жоғары оку орындарының күндізгі оқу нысаны бойынша оқушыларына – тегін жол жүру (каникул кезеңдерін және әр аптаның демалыс күндерін қоспағанда):

жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

даму мүмкіндіктері шектеулі балалар, мүгедектер және бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар;

көп балалы отбасылардың балалары;

кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарындағы балалар;

жалпы және санаторийлік үлгідегі мектеп-интернатураларда, мектеп жаңындағы интернаттарда тұратын балалар;

дарынды балаларға арналған мамандандырылған интернаттық білім беру үйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балалар;

интернаттық үйымдардың тәрбиеленушілері;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы орташа табысы ең тәменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан тәмен отбасылардан шыққан балалар;

денсаулық жағдайына байланысты бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша ұзақ уақыт бойы үйде немесе стационарлық көмек, сондай-ақ қалпына келтіру емін және медициналық оңалту көрсететін үйымдарда оқитын балалар;

толық емес отбасынан шыққан балалар.

2. "Күндізгі оқу нысанындағы оқушылардың қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүруі туралы" Сәтбаев қалалық мәслихатының 2016 жылғы 17 ақпандағы № 431 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3690 болып тіркелген, 2016 жылғы 11 наурыздағы "Шарайна" № 10 (2199) газетінде және 2016 жылғы 18 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау әлеуметтік сала, құқықтық тәртіп және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияға (төрағасы Жанасылова Қамар Қапасқызы) жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Қалалық
мәслихат хатшысы

К. Керімқұлов

Т. Хмилярчук